

## Баутин поселкесінің шекарасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 қыркүйектегі № 493 және Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 қыркүйектегі № 9/62 қаулысы және шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаменті Түпқараған ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 8 қарашада № 11-6-71 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 7 қазандағы № 33/269 және Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 162 бірлескен шешімі мен қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 07.10.2019 № 33/269 және Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 07.10.2019 № 162 бірлескен шешімі мен қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 20 маусым 2003 жылғы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағын, 8 желтоқсан 1993 жылғы "Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 3-тармағын және " МаңғыстаужерҒӨО" Мемлекеттік еншілес кәсіпорынның жасақтаған жобасын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.Қоса беріліп отырған Баутин поселкесінің шеккарасы схемалық картаға сәйкес белгіленсін:

Баутин поселкесінің жер аумағы – 1096,7 га.

2.Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудан әкімі*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*А.Бекмағамбетова*

*Б.Чельпеков*

*А.Досанова*